

2003 жылға арналған республикалық бюджетте Ақтөбе облысы Шалқар ауданының, Қызылорда облысы Арал және Қазалы аудандарының халқына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін көзделген мақсатты трансферттерді бөлу ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 ақпандағы N 221 қаулысы

"2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2003 жылға арналған республикалық бюджетте Ақтөбе облысы Шалқар ауданының, Қызылорда облысы Арал және Қазалы аудандарының халқына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін көзделген мақсатты трансферттерді бөлудің ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы 2003 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 3 ж ы л ғ ы 2 8 а қ п а н д а ғ ы

N 2 2 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

2003 жылға арналған республикалық бюджетте Ақтөбе облысы Шалқар ауданының, Қызылорда облысы Арал және Қазалы аудандарының халқына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін көзделген мақсатты трансферттерді бөлу ережесі

Осы Ереже "2003 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және 2003 жылға арналған республикалық бюджетте Ақтөбе облысы Шалқар ауданының, Қызылорда облысы Арал және Қазалы аудандарының халқына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін көзделген мақсатты трансферттерді бөлудің тәртібін белгілейді.

1. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) тиісті республикалық бюджеттік бағдарламалардың міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарлары негізінде республикалық бюджетте жоғарыда аталған аудандардың халқына

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін көзделген мақсатты трансферттердің сомасын Ақтөбе мен Қызылорда облыстары әкімдерінің назарына ай сайын жеткізіп отырады.

2. Ақтөбе мен Қызылорда облыстарының әкімдері:

- жоғарыда аталған аудандардың халқына мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін республикалық бюджетте көзделген мақсатты трансферттердің бөлінген ай сайынғы сомалары туралы мәліметтерді Министрліктен алғаннан кейін көрсетілген қаражатты бөлудің ай сайынғы кестесін жасайды және тиісті аудандардың әкімдеріне ж е т к і з е д і ;

- есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күніне дейін Министрлікке мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету үшін көзделген мақсатты трансферттерді пайдалану туралы ақпаратты Ережеге қосымшаға сәйкес ұсынып отырады.

3. Ақтөбе мен Қызылорда облыстарының әкімдері "Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын қамтамасыз етеді.

Е р е ж е г е
қосымша

Аз қамтылған! Атаулы ! Атаулы !Тағайын. !Төленген атаулы
азаматтардың! әлеуметтік !әлеуметтік!далған !әлеуметтік көмектің
саны ! көмек ! көмектің !атаулы !сомасы, оның ішінде
(барлығы) ! алушылардың! орташа !әлеумет. !мыналардың қаражаты
! есепті ! мөлшері !тік кө. !есебінен (теңгемен)
! кезеңдегі !(теңгемен)!тің сома!-----
! саны (адам)! !сы (тең. !жергілікті!респуб-
! ! !гемен) !бюджеттің !ликалық
! ! ! ! ! б ю д ж е т .
! ! ! ! ! ! т і ң
